

**“ҚАРАҢҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН
БОЛАМ”: С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАТЫ**

Парпиева Малика Акмаль қызы

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының I курс студенті.*

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі: (PhD)

Аннотация: *Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінде ағартушылық идеяларды дәріптеген ұлы тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығы халықты білімге, ғылымға шақырумен, ұлттық сананы оятумен ерекшеленеді. “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп күн болам” деген ұраны – ақынның ағартушылық мұратының айқын көрінісі. Ол өлеңдері мен прозасында білімнің қоғам дамуындағы рөлін айшықтап, қараңғылықтан шығудың жолы тек оқу мен ізденісте екенін көрсетті.*

Кілт сөздер: *Сұлтанмахмұт Торайғыров, ағартушылық, білім, ғылым, ұлттық сана, қазақ әдебиеті, поэзия, мәдениет, жаңашылдық, прогресс, жастар, еркіндік, рухани жаңғыру.*

Abstract: *Sultanmakhmud Toraigyrov is one of the great figures in Kazakh literature who promoted the ideas of enlightenment. His work is distinguished by its appeal to the people for knowledge and science, and the awakening of national consciousness. His motto “I will become a sun by climbing the dark Kazakh sky” is a clear expression of the poet’s enlightenment ideals. In his poems and prose, he explained the role of education in the development of society, showing that the only way out of darkness is through reading and research.*

Keywords: *Sultanmakhmud Toraigyrov, enlightenment, education, science, national consciousness, Kazakh literature, poetry, culture, innovation, progress, youth, freedom, spiritual renewal.*

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырып ауқымының кеңейіп, идеялық тұрғысынан биіктеп, көркемдік қасиетінің жоғарылауы, бір сөзбен айтқанда, жаңа сипат, жаңа сапаға ие болуы – қазақ халқының көгінде жарық жұлдызша ағып өткен Сұлтанмахмұт Торайғыров есімімен байланысты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – 1893 жылы қазіргі Павлодар облысынды дүниеге келген. Ол жасынан білімге құштар болып, ауыл молдасынан сауатын ашты, кейін жаңашыл оқу орындарында білім алды. Оның дүниетанымының



қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ағартушылардың еңбектері ықпал етті.

Ақын қазақ қоғамындағы қараңғылық пен надандықты сынап, халықтың оянуына шақырды. Оның өлеңдері мен поэмалары жаңа дәуірге ұмтылған қазақ жастарының идеясымен үндес болды.

Торайғыров шығармашылығының басты тақырыбы – білім мен ғылымды насихаттау. Ол қазақ халқының артта қалуын надандық пен сауатсыздықтан көрді. Ақынның “Шәкірт ойы”, “Оқып жүрген жастарға”, “Алаш ұраны” сияқты өлеңдері халықты білімге шақыруымен ерекшеленеді.

“ Шәкірт ойы ” өлеңінде:

“Оқып жүрген жастар көп бұл заманда,

Бәрі де шын көңілімен оқи ала ма ?”

деп, жастардың тек атақ үшін емес, шынайы білім алу керектігін айтады. Ол үшін ғылым мен білімді игеру – ұлттың болашағы екенін көрсетеді.

Торайғыровтың ең танымал жолдарының бірі – “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам”. Бұл өлең жолдары оның ағартушылық жолындағы мақсаты мен мұратын айқындайды. Ақын өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, надандықты жою үшін білім шамын жағуды көздеді.


Оның “ Кедей” поэмасында жарлы – жақыбайлардың екіжақты езгідегі ауыр тұрмысын, аянышты халін шынайы бейнелейді.

Өлеңмен жазылған “Кім жазықты”, қазақтың көне эпикалық жанрларының үлгісімен өлең, қарасөз араласа келетін, бірақ реалистік дәстүр арнасынан табылатын Қамап сұлу романдарында Сұлтанмахмұт өз тұсындағы қазақ қауымын туралатып отырған руаралық тартыс, таптық езгі, әйел теңсіздігі сияқты мәнді әлеуметтік мәселелер көтереді.

Байлығының немесе шен – шекпенінің арқасында ғана игі жақсы атанып, ел еңсесін басып отырған зорлықшыл надандар, солардың жемі болған момын шаруа, сүйгеніне қосыла алмаған сұлу қыз, қолы қысқа ер – азаматтармен қатар, Сұлтанмахмұт жаңа заман адамы – ескілікке қарсы көзі ашық жастардың да бейнесін жасайды.

Әзірше жеңіліске ұшырап жатқанымен, ақыр түбінде қара бұлт ашылып, қазақ жастарының да әлеуметтік теңдікке жететініне, өз елін бақытқа бастар азамат болуына, бүкіл қазақ қауымының қапастан құтыларына сенім бар.





Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының болашағы үшін күрескен ағартушы, рухани көсбасшы. Оның шығармашылығы білім мен ғылымның маңызын түсінуге, ұлттық сананы оятуға бағытталған.

Ақынның өлеңдері мен прозасы бүгінгі қоғам үшін де маңызды, өйткені ол көтерген мәселелер әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Торайғыров Шығармалары. Алматы:Жазушы,1989.
2. А.Байтурсынов “Әдебиеттанымдық”. Алматы: Ана тілі,1991.
3. Р.Нұрғали Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Қазақ университеті.
4. Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты “Бес ғасыр жырлайды” I том. Алматы: Жазушы,1989.

